

«ӨМІРДЕН КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛМА!»

ӘЛЕУМЕТТІК ПЛАКАТТЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРТ-КОНКУРСЫ

«ӨМІРДЕН КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛМА!»

әлеуметтік плакаттың
I Халықаралық арт-конкурсының

ЕРЕЖЕСІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:

ШҚО мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы
Невзоровтар отбасы атындағы ШҚО бейнелеу өнері музейі

Жоба серіктестері: EMC, Eurasia Red

Өткізу орны: Семей қаласы (Семипалатинск), Невзоровтар отбасы атындағы ШҚО бейнелеу өнері музейі, Пушкин көшесі, 108

Ұйымдастыру комитеті:

1. Стромская Т.А., музей директоры, өнертанушы.
2. Киляоглова С.Р., жоба кураторы, ҚР СО мүшесі.
3. Мұқашев Б.К., бизнесмен, тарихшы
4. Бүркітова Г. Қ., музей директорының орынбасары

Өткізу орны: «Музейдегі түн-2017» халықаралық акция аясында әлеуметтік плакат көрме-конкурсы **Невзоровтар отбасы атындағы ШҚО бейнелеу өнері музейі алаңында** өтеді.

Өткізу мерзімі: 19 мамыр 2017 жыл (алдын ала жоспар бойынша)

Көрме-конкурсқа қатысуға – кәсіби суретшілер, әлеуметтік жарнама агенттері, түрлі елдердің көркемсурет мамандығының студенттері шақырылады.

Қатысушылардың өз идеяларын қазіргі заманғы көркем мәнерлі құралдар жолымен визуалдауға мүмкіндіктері бар: графика, графикалық дизайн, фотографика, типографика, компьютерлік графика.

ЖОБА МАҚСАТЫ:

әлеуметтік коммуникация жүйесінде қоғамдық пікірді қалыптастырудағы қуатты құралы ретінде әлеуметтік жарнама рөлін көрсету

- қоғамдағы проблемаларға назар аудару және оларды шешудің жолдарын ұсыну
- _ бүгінгі күннің ақиқатында түрлі мақсатты аудиториялар мен қазақстандық және әлемдік қоғамдастықтың негізгі құндылық бағдарларының мағынасын түсінуге дұрыс түрткі болу, уақыт мәселелеріне оң көзқарас қалыптастыру
- қала мәселелерінің шеңберінен шығып, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы қазақстандық және әлемдік қоғамдастыққа жобаны ұсыну.

Конкурсқа ұсынылған жұмыстарды бағалау мынадай критерийлерге сай алынады:

- тақырыптық шешімге жаңа көзқарас
- жазылған бейненің бір мағыналылығы,
- суреттің айқындығы және қысқалығы (бейненің тез оқылуы), бұл қазіргі қала қарбаласында маңызды
- түсіндірменің, сюжеттің, көркемсуреттік құралдарды таңдаудағы ерекшеліктері
- бейнелеудің эстетикалық жүйесі замандасқа жақын болуы
- бейненің вербалды баяндалуының қысқалығы, немесе оның шығарманың айқын бейнелік идеясы кезінде болмауы. Вербалды идеяларды көрсетудің айқын нұсқалары болуы мүмкін.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ – \$ 2500

Қатысушылардың және Ұйымдастырушылардың құқықтары мен міндеттері.

Қатысушылардың конкурсқа қатысуы осы Ережемен толық танысуын және келісімін білдіреді.

Қатысушы конкурсқа қатысу үшін плакатты ұсына отыра:

- көрмеде орналастырылған плакаттың барлық авторлық құқығы, тек оған қана тиесілі және конкурсты өткізу кезінде осы плакатты пайдалану үшінші тұлғалардың мүліктік және/немесе мүліктік емес құқықтарын бұзбайтындығын растайды;
- осы плакатты ұйымдастырушылардың таңдауы бойынша сайттарда және баспа тақырыптық басылымдарда жариялау мүмкіндігімен келісімін береді;
- плакатты музейдің ағарту қызметінде пайдалануға келісімін береді;
- плакатты жариялауға байланысты конкурс ұйымдастырушыларына қойылған наразылықтар орын алған жағдайда үшінші тұлғалардың талап-арызын шешуге жәрдемдесуге және авторлық құқықты бұзғаны анықталған жағдайда барлық шығындардың толық көлемін өтеуге міндеттенеді;
- конкурсты ұйымдастырушыға үшінші тұлғалармен жарияланған плакатты пайдалануға байланысты талап қойылған кезде жауапкер жағынан үшінші тұлға ретінде сотта жауап беруге міндеттенеді;
- ұйымдастырушы плакат конкурсының талаптарына сәйкес емес жұмыстарды қосымша түсіндірмелерсіз қатысуға жібермеуге құқылы;
- ұйымдастырушы конкурс жеңімпазына жүлдені беруден бас тартуға құқылы, егер ол конкурс туралы Ережені, ҚР авторлық құқық туралы Заңын, өзі туралы дұрыс немесе уақытылы емес қажетті ақпаратты бермегені үшін;
- конкурсқа қатысу автордың осы туындыларды қаламақысыз негізінде одан әрі жариялау мүмкіндігіне келісім бергенін білдіреді. Сонымен қатар, автор өз авторлық құқығын сақтайды, сондай-ақ жұмыстарын жариялауға және басылымға шығаруға құқылы

Конкурсқа жіберілген плакаттар мынадай жағдайларда конкурсқа қатысуға қабылданбайды:

- Плакаттардың конкурс тақырыбына сәйкессіздігі;

- Көркем суреттік немесе техникалық сапасының төмендігі;
- Порнография, зорлық-зомбылық, нәсілдік немесе діни төзімсіздік, лаңкестікті насихаттау элементтері бар плакаттар;
- Бөтен идеяларды пайдалану және плагиат жағдайында туынды конкурстан алынады;
- Ұйымдастырушылар қатысушылармен ұсынылған жұмыстар үшін жауапты емес.

Конкурстық жұмыстарды беру мерзімі: 2017 жылдың 10 сәуіріне дейін

Сауалнама-өтінім міндетті қосымшасы болып табылады.

ШЫҒАРМАЛАР МЕН ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ:

1. Өтінімдер Microsoft Word форматында электрондық нысанда 2017 жылдың 15 сәуіріне дейін екі электрондық адреске: muznevez@yandex.ru, ksveta2005@yandex.ru жіберіледі.

I. Шығармалар сандық бейнелеу түрінде жоғары ажыратылымдағы tiff, jpg форматында 2017 жылдың 10 сәуіріне дейін ksveta2005@yandex.ru, muznevez@yandex.ru email-мекенжайларына қабылданады.

2. Әрбір шығарма жеке файлмен жіберіледі. Файл атауы жұмыс атауымен сәйкес болуы тиіс. Іріктеуге ұсынылған шығармалардың саны бестен аспауы қажет.
3. Шығарма автордың меншігі болуға және алдын-ала көрмеге қойылмауы тиіс.
4. Қатысушы сауалнамасы (қосымшада) Microsoft Word форматында толтырылады. Үш күн ішінде автордың электронды мекен-жайына оның электрондық материалдарын алғаны туралы растау жіберіледі.
5. Көрме-конкурс үшін іріктелген шығармалар және қатысушылардың толық тізімі музей сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады

II. Жұмыстарды іріктеу үшін құзыретті комиссия құрылады, олар конкурс жеңімпаздарын жариялайды.

III. Музейдің ресми веб-сайтында орналастырылған жоба туралы барлық ақпараттар жариялау кезінде дұрыс болып табылады. Ұйымдастыру комитеті өзгерістер енгізуді талап ететін жағдайлар туындаған кезде, конкурстың басталуына дейін екі айдан кешіктірмей енгізу құқығын өзіне қалдырады. Шарттар мен мәтінді оқуда орыс және ағылшын тіліндегі нұсқаларының арасында келіспеушілік туындаған жағдайында орыс мәтіні дұрыс болып табылады.

БАЙЛАНЫС КОНТАКТІЛЕРІ:

Жоба кураторы Светлана Киляглова - (8 905 952 7100, ksveta2005@yandex.ru)

Музей директоры Татьяна Стромская (8 777 249 5806, muznevez@yandex.ru)